

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының
Үкіметі арасындағы Шикізат, өнеркәсіп және технология салаларындағы әріптестік
туралы Келісім***

Келісім, Берлин қ., 8 ақпан 2012 жыл

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Германия Федеративтік Республикасы Үкіметінің арасындағы Шикізат, өнеркәсіп және
технология салаларындағы әріптестік туралы келісімге қол қою туралы" 2011 жылғы 3
қарашадағы № 1286 қаулысын қараңыз.

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік
Республикасының Үкіметі арасындағы Шикізат, өнеркәсіп және
технология салаларындағы әріптестік туралы КЕЛІСІМ***

(2012 жылғы 8 ақпанында күшіне енді -
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,
2012 ж., N 3, 30-күжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының
Үкіметі (бұдан әрі «Тараптар» деп аталатындар).

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы
қазіргі достық қатынастар рухында,

өздерінің экономикалық және саяси өзара қарым-қатынастарын терендегүе және
шикізат, өнеркәсіп және технология секторларындағы әріптестік ынтымақтастық
жолымен осы достық қатынастарды нығайтуға және Қазақстан және Германия
экономикаларын әртараптандыру мен жаңғыртуға жәрдемдесуге ниет білдіре отырып,

шикізатпен сенімді жабдықтау, өнеркәсіп пен технология салаларындағы
ынтымақтастық және екі елдің халықтарының игілігі үшін тұрақты экономикалық және
қоғамдық даму мақсатында шикізат секторында әріптестік өзара қарым-қатынасты
дамытуға ниет білдіре отырып,

Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы
курделі қаржы жұмсалымын көтермелей және өзара қорғау туралы 1992 жылғы 22
қыркүйектегі Шарттың қолданысын растай отырып және Қазақстан Республикасы мен
Германия Федеративтік Республикасы арасындағы болашақ үшін әріптестік туралы
2008 жылғы 3 қыркүйектегі бірлескен мәлімдемеге сүйене отырып,

Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі мен
Германия Федеративтік Республикасының Федералдық экономика және технологиялар
министрлігі арасында 2011 жылға дейінгі кезеңге арналған

инновациялық-инвестициялық әріптестікті қалыптастыру мақсатында ынтымақтастыққа қатысты 2008 жылғы 3 қыркүйектегі Бірлескен мәлімдемені ескере

О Т Ы Р Ы П ,

2003 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Федералдық экономика және еңбек министрлігі арасындағы экономикалық ынтымақтастықты ұйымдастырудың негізгі ережелері туралы Келісімді және 2010 жылғы 18 шілдедегі Стратегиялық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Герман Іскерлік кеңесін құру туралы меморандумды назарға ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Қолдану саласы

1) Осы Келісім тиісті мемлекеттің ұлттық заңнамасына сәйкес Тараптардың минералдық шикізатты барлау, өндіру, өндеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастықты, сондай-ақ өнеркәсіп пен технология саласындағы ынтымақтастықты реттейді.

2) Тараптар өнеркәсіп және технологиялар саласында, нақты уағдаластықтар жасасу, шикізаттық ресурстармен сенімді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ ұлттық және халықаралық шикізат секторларында тұрақты даму мен транспаренттілік үшін күш салады.

3) Тараптар шикізат және өнеркәсіп салаларында технологиялық ынтымақтастық үшін күш жігер, әрі Қазақстан Республикасына технологиялар трансферті мен инновацияларға қолдау көрсететін болады.

2-бап

Ынтымақтастықтың мақсаттары мен негізгі бағыттары

1) Тараптар екі мемлекеттің экономикалық ынтымақтастығын қолдайды. Бұл ретте олар инвестициялар тарту, инновациялар және жеткізілімдер, сондай-ақ Қазақстан Республикасына технологиялар трансферті жолымен Қазақстан Республикасының шикізаттық әлеуетін жан-жақты пайдалануды және дамытуды қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

2) Тараптар шикізатпен сенімді және тұрақты қамтамасыз ету мақсатында минералдық шикізатты барлау, өндіру, қайта өндеу және пайдалану, сондай-ақ технологиялар трансферті мен инновациялар саласындағы екі ел кәсіпорындарының ынтымақтастығына жәрдемдеседі.

3) Тараптар орнықты ынтымақтастықтың мынадай негізгі бағыттарын келісті:

- шикізат ресурстарын барлау, игеру, өндіру, өндеу және пайдалану;

- b) техникалық инфрақұрылымды құру және кеңейту;
- c) шикізат пен ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыру;
- d) шикізатты өндіру және байыту процесінде экологиялық және әлеуметтік стандарттарды енгізу;
- e) ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастықты қоса алғанда, өнеркәсіп классерлерін құру және;
- f) инвестициялық және инновациялық ахуалды жақсарту.

4) Осы Келісім шикізаттық, өнеркәсіптік және технологиялық секторлар шенбөрінен шығатын Тараптардың анағұрлым кең экономикалық ынтымақтастығын жоққа шығармайды, ол туралы Тараптар жеке уағдаластықтар жасайтын болады.

3-бап

Ынтымақтастық негіздері

1) Тараптар тұрақты негізде әріптестік сұхбатты өткізіп тұрады және өзара келісім бойынша осы Келісім шенбөрінде болашақ ынтымақтастықтың мақсаттары, негізгі бағыттары және іс-шаралар туралы шешім қабылдайды.

2) Тараптар осы Келісімнің орындалуына жауапты органдар ретінде Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі мен Германия Федеративтік Республикасының Экономика және технологиялар федералдық міністерлігін тағайындаиды.

3) Тараптар консультациялар жолымен осы Келісімді қолдану немесе түсіндіру кезінде туындастырын дауларды немесе келіспеушіліктерді шешетін болады.

4) Осы Келісімді орындауға жауапты органдардың атауы немесе функциялары өзгерген жағдайда Тараптар дереу дипломатиялық арналар арқылы бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

4-бап

Шикізат секторындағы шараларды келісу

1) Осы Келісімнің негізінде Тараптар барлауға, өндірге, қайта өндеуге және минералдық шикізатты пайдалануға жәрдемдесетін шикізат секторындағы шаралар туралы шешім қабылдауға, сондай-ақ өнеркәсіп және технологиялық салалардағы ынтымақтастыққа және осы шараларды іске асыруды құзыретті үйымдарға тапсыруға құқығы бар.

2) Атқарушы үйымдар өз өкілеттіктері шенбөрінде және тиісті Тараптардың ұлттық заңнамаларына, сондай-ақ ұсынылатын бюджет қаражаттарына сәйкес реттейтін уағдаластықтар жасайды, атап айтқанда, міндетті түрде:

1. шараларды өткізумен және қаржыландырумен қадағаланатын мақсаттар;
2. орындау кестесі, шараларды үйымдастыру және техникалық іске асыру және

о л а р д ы

қ а р ж ы л а н д ы р у ;

3. қатысушы мекемелердің қызметтері;

4. қаржы қаражатын ұсынған жағдайда тапсырыстарды орналастыру тәртібі;

5. мониторинг рәсімі;

6. уағдаластық міндеттемелерінің бұзылу салдары.

5-бап

Кәсіпорындар мен экономикалық қауымдастықтар

1) Тараптар осы Келісімнің мақсаттарына қол жеткізу процесінде кәсіпорындар мен экономикалық қауымдастықтарды кеңінен қатыстыруды қолдайды.

2) Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі Германия Федеративтік Республикасының Федералдық экономика және технологиялар министрлігі арқылы герман кәсіпорындарымен ынтымақтастықты нығайту мақсатында ресурстарды қамтитын объектілердің, сондай-ақ тиісті ұлттық компаниялардың т і з б е с і н б е р е д і .

3) Герман кәсіпорындарының Германия Федеративтік Республикасының Федералдық экономика және технологиялар министрлігі арқылы Қазақстан Республикасының Индустрія және жаңа технологиялар министрлігінің атына ынтымақтастық бойынша шикізат ресурстары мен жобалардың, оның ішінде технологиялар мен инновацияларды трансфертің көздейтін жобалардың тізбесін беруге мұмкіндігі б а р .

4) Осы мақсатта, Қазақстан Республикасында экономикалық қызметті жүзеге асыратын герман кәсіпорындары немесе кәсіпорындардың қауымдастықтары өз жауапкершілігімен жекелеген азаматтық-құқықтық уағдаластықтар жасайды. Бұл ретте бірлесken кәсіпорындар құру жокқа шығарылмайды.

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі герман кәсіпорындарын, олардың елдегі қызметтерін, атап айтқанда, шикізатты сатып алуша, олардың инвестициялық қызметінде, сондай-ақ технологиялар трансферті мен инновациялар кезінде қолдайтын б о л а д ы .

6) Қазақстан Республикасының Үкіметі ұлттық заңнамаға сәйкес герман кәсіпорындарына олардың қызметкерлеріне жұмысқа рұқсат алу, кенселер ашу және телекоммуникациялық желілерге қосу туралы өтінімдерді беру бойынша, сондай-ақ барлық тіркеу рәсімдері бойынша әкімшілік қолдау көрсетеді.

6-бап

Тараптардың қызметі мен міндеттемелері

1) Тараптар қосылған құнды құруға, сондай-ақ шикізатты өндіру және қайта өндіру бойынша технологиялық ынтымақтастыққа бағытталған инвестиациялық қызметке

ықпал ететін, тұрақты негіздемелік шарттарға үмтыйлады.

2) Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту бағдарламасын жүзеге асыруға ықпал ететін шикізаттық және өнеркәсіптік, технологиялық салаларға арналған жобалар басым жобалар тізбесіне енгізілетін болады және оларға Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан ерекше әкімшілік қолдау көрсетілетін болады. Қазақстан-Германия сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының тең тәрағалары басым жобалар тізбесіне енгізілетін жобаларды өз арасында келіседі.

3) Мемлекетішілік құқықтық шарттарды орындаған жағдайда Тараптар жобаларды осы Келісімнің 6-бабының 2-тармағына сәйкес мынадай тәсілмен қолдайды:

а) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасында герман іскер топтарының қызметін, атап айтқанда инвестициялық қызмет шенберінде сыртқы экономикалық саясат саласындағы жәрдемдесу құралдарының қомегімен қолдайды.

Бұл мыналарды қамтиды:

- экспорттық кредиттерді сақтандыру;
- инвестициялар бойынша кепілдіктер;
- қаржы кредиттері байланысты емес кепілдіктер.

б) Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік қазақстандық кәсіпорындардың жобаларын қаржыландыруды мемлекеттік кепілдіктермен немесе Қазақстан Даму Банкінің кепілдіктерімен немесе «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ кепілдіктерімен қамтамасыз етеді.

4) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі өзгелердің арасында Қазақстан Республикасына қолдау көрсету үшін мынадай шараларды ұсынады:

- экономика саласындағы басшы қызметкерлердің және менеджерлердің біліктілігін арттыру бадарламасы;

- байланыстарды ретке келтіруде кәсіпорындарға жәрдем көрсету;

- техногендік минералдық туындылардың шикізаттық әлеуетін немесе техногендік минералдық туындылардың шикізаттық материалын зерделеу және бағалау жолымен инвесторлар үшін жинақ әзірлеу;

- энергия тиімділігі және ресурстарды пайдалану тиімділігі мәселелері бойынша консультациялар беру;

- шикізат ресурстарын өндіру және қайта өндеу саласындағы экологиялық және әлеуметтік стандарттарды жүзеге асыру бойынша консультациялар беру;

- ғылыми-зерттеу институттарын тартуды қоса алғанда, өнеркәсіп кластерлерін құру бойынша консультациялар беру;

- екі елдің ғылыми-зерттеу институттары арасында ынтымақтастық саласындағы консультациялар беру;

- инвестициялар мен инновацияларға жәрдемдесу бойынша, сондай-ақ озық технологиялар трансферті бойынша консультациялар беру.

5) Қазақстан Республикасының Үкіметі шикізат секторында Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мен Германия кәсіпорындары жүргізетін шараларды қолдайды және герман кәсіпорындарының елде өндірілетін шикізат материалдарына Қазақстан Республикасының ұлттық заңнамасына сәйкес әділ шарттарда кемсітушіліксіз қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

6) Тараптар осы Келісімді іске асыруға барлық қатысуышыларды осы Келісімнің мазмұны туралы уақтылы және толық ақпаратпен қамтамасыз етеді.

7-бап

Қазақстан-Германия сауда-экономикалық ынтымақтастыры жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобы

1) Қазақстан-Германия сауда-экономикалық ынтымақтастыры жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобы осы Келісімнің 3-бабына сәйкес әріптестік сұхбатты жүйелі түрде жүргізеді және осы Келісімнің 4-бабына сәйкес Тараптар арасында экономикалық қатынастардың тиімділігін арттыру мақсатында атқарушы ұйымдар қызметін бақылауды жүзеге асырады.

2) Қазақстан-Германия сауда-экономикалық ынтымақтастыры жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобы осы Келісімді іске асыру бойынша жобаларды бақылауды жүзеге асырады.

3) Бұдан басқа, Тараптар Қазақстан-Германия сауда-экономикалық ынтымақтастыры жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобына осы Келісімнің негізінде шикізат және технологиялық салалардағы жобалар мен шаралар бойынша шешімдер қабылдауды және құзыретті ұйымдарға осы шараларды жүзеге асыруды тапсырады. Бұл жобалар да Басым жобалар тізбесіне енгізілетін болады, оларға Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан әкімшілік қолдау көрсетіледі. Сауда-экономикалық ынтымақтастыры жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобының өкілдері басым жобалар тізбесіне қандай жобалар қабылданатындығы туралы бірлескен шешім қабылдайды.

8-бап

Шикізат, өнеркәсіп және технология салаларындағы әріптестік жөніндегі Қазақстан-Германия экономикалық комитеті

1) Осы Келісімнің мақсаты үшін Тараптар шикізат, өнеркәсіп және технология салаларындағы әріптестік жөніндегі Қазақстан-Германия экономикалық комитетін құрады (Экономикалық комитет), оның құрамына Тарап елдерінің бірінде штаб-пәтері бар және осы комитетке мүше ретінде қабылдауға өтінім берген кәсіпорындар мен кәсіпорын қауымдастықтарының өкілдері кіреді.

2) Экономикалық комитет бірінші отырысын осы Келісім мақсатында осы Келісім күшіне енген күннен кейін алты айдан кешіктірмей, одан кейін қажеттілігі бойынша тараптардың бірінің өтініші бойынша, бірақ жылына бір реттен кем емес шақырады. Отрыстар Қазақстан Республикасында және Германия Федеративтік Республикасында кезекпен

өткізіледі.

3) Экономикалық комитет тең төрағаларының функцияларын орындау Тараптар кәсіпорындары мен кәсіпорындар қауымдастықтарының тұлғаларына тапсырылады. Тең төрағалар отырыс күнін, күн тәртібін және қатысуышылар құрамын келіседі. Тарап өкілдері кез келген уақытта отрыстарға қатысуға құқылы.

4) Экономикалық комитет 2003 жылғы 4 желтоқсандағы уағдаластыққа сәйкес құрылған Қазақстан-Германия сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық жұмыс тобына осы Келісімді іске асыру бойынша есеп береді.

9-бап

Қорытынды ережелер

1) Осы Келісім қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді. Осы сәттен бастап ынтымақтасық басталады.

2) Осы Келісім күшіне енген сәттен бастап 5 жыл мерзімге жасалады. Тараптардың бірі екінші Тарапқа бір жылдық мерзімді сақтай отырып, дипломатиялық арналар арқылы Келісімді бұзу туралы жазбаша хабарламайынша, оның күші автоматты түрде кейінгі бес жылдық кезеңге ұзартылады. Көрсетілген мерзім Келісімді бұзу туралы хабарлама екінші Тарапқа келіп түскен күннен басталады.

3) Осы Келісім Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын және жеке хаттамалармен рәсімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

2012 жылы 8 ақпанда Берлин қаласында әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде екі данада жасалды және барлық мәтіндердің күші бірдей. Келісімнің қазақша және немісше мәтіндерін түсіндіруде ауытқушылықтар туындаған жағдайда орыс тіліндегі мәтін шешуші болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Германия Федеративтік
Республикасының Үкіметі үшін